

Жамбыл облысы аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 8 ақпандағы № 32 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 ақпанда № 2945 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2019 жылғы 1 қазандағы № 216 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Жамбыл облысы әкімдігінің 01.10.2019 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жамбыл облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Инспекция) 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 6-3-5/23 ұсынысы негізінде Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жамбыл облысының аумағында зақымданған алқаптар көлемінде карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағы белгіленсін.

2. Инспекция (келісімі бойынша), аудан және "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Басқарма заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Нұралиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік
инспекция комитетінің Жамбыл облыстық
аумақтық инспекциясы" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Н. Джигитеков

9 ақпан 2016 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің
2016 жылғы 08 ақпандағы
№ 32 қаулысына қосымша

Жамбыл облысы бойынша карантиндік зиянкестермен залалданған ошақтардың аудандар мен ауылдық округтар кескініндегі тізімі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Жамбыл облысы әкімдігінің 31.03.2016 № 96 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Аудандар атауы	Ауылдық округтар атауы	Залалдану аумағы (гектар)
Жемістің шығыс жемірі (<i>Grapholita molesta</i> (Busck))			
1.	Меркі	Жамбыл	23,0
Барлығы			23,0
Калифорниялық қалқаншалы сымыр (<i>Quadraspidiotus perniciosus</i> Comst.)			
2.	Байзақ	Бурыл	15,0
		Мырзатай	13,0
3.	Жамбыл	Ақбастау	10,0
4.	Жуалы	Қарасаз	19,0
5.	Қордай	Қарасай	7,0
6.	Т.Рысқұлов	Құлан	15,0
		Көкдөнен	8,0
Барлығы			87,0
Жұпсыз жібек көбелек (<i>Lymantria dispar</i> L.(asian race).)			
7.	Меркі	Ақтоған	7,0
		Ақарал	30,0
8.	Т. Рысқұлов	Жаңатұрмыс	11,0

Барлығы		48,0
Комсток сымыры (құрты) (<i>Pseudococcus comstocki</i> Kuw.)		
9. Т. Рыскұлов	Жаңатұрмыс	11,0
Барлығы		11,0
Америкалық ақ көбелек (<i>Hyrphantria cunea</i> Drury.)		
	Қарасу	23,0
10. Қордай	Масаншы	11,0
	Жаңатұрмыс	15,0
11. Меркі	Андас Батыр	36,0
Барлығы		85,0
Барлығы облыс бойынша		254,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК